

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ**

# **XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ**

050117- Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқитын  
студенттерге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулар мен бақылау  
жұмыстарының тақырыптары)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2006

Бағдарлама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында дайындалған.

Авторы: К.К. Мәдібаева – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Бағдарламаны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің Ғылыми кеңесі баспаға ұсынды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің бакалаврлық оқу сатысындағы (4 жылдық) II курс, IV семестрде оқылатын «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» пәнінің сипаттамасы және қысқаша мазмұны.

### XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті пәні

Қазақ әдебиеттану ғылым халқымыздың ұлан-ғайыр, ұшан-теңіз сөз мұрасын бір ғасырдан астам уақыттан бері теориялық тұрғыдан тұжырымдап, тарихи-ғылыми негіздемесін жасауды жалғастырып келеді. Соңғы 10-15 жыл көлемінде әдеби мұраны бағалауды түрлі саясат ықпалымен бұра тартуға мәжбүр болған уақыттарға таза көркемдіктің ғылыми негіздемелері тұрғысынан қайта үңілу; осы уақытқа шейін түрлі себептермен зерттелмей келген тың мәселелерге ден қою өрістеп отыр. Қазақ әдебиетінің тарихы түрлі кезендерге бөлініп зерттеліп келе жатқаны (соңғы 50 жыл көлемінде) белгілі. Әдебиет әлеміндегі көркемдігін, мүддесін көздеген тұста, сөз жоқ, түрлі кезең, дәуірлеулердің өзі шартты. Сонда да болса, белгілі бір кезеңнің тарихи, саяси-әлеуметтік сұлбасы түскен көркем әдебиетті дәуір-дәуірмен қарастыру әлі де қажет. Сол орайда, қазақ көркем сөз өнерінің негізгі інжу-маржаны туып, бүгінге шашылмай-төгілмей, салыстырмалы түрде түп-түгел жеткен дәуір – XIX ғасыр еді. XIX ғасыр әдебиеті – көп жанрлы, алуан үлгідегі әдебиет. М.Бахтин әдебиеттің тарихын дәуірлеуден гөрі, жанрлардың туып-жасауы, көркемдік дәстүр эволюциясы көбірек мәнді екендігін өткен ғасырдың 20 жылдарында-ақ айтқан еді. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті қаншалықты зерттелгенімен, сол әдебиетті жасаушы жекелеген тұлғалардың шығармашылығы арнайы ғылыми жұмыстарға негіз болып келе жатқанымен, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы жетіп, ұмтылып отырған деңгейге олқы соғып жатыр. XIX ғасырдың көп жанрлы әдебиеті, көркемдік ағым, бағыттар, арналар, жасалу үлгісі, әдіс, тәсілі, т.б. тұрғыда тереңдете зерттеуге зәру. Мәселен, XIX ғасырда назира дәстүрімен жырланған орта ғасырлық қисса-дастандардың табиғатына, XIX ғасырда шырқалу биігіне көтерілген қазақтың дәстүрлі айтыс өнеріне, қазақ өлеңінде формалық, мазмұндық, жанрлық өзгерістерге, әлемдік мәдениетте баламасы кездеспейтін сал-серілік өнер табиғатына бүгінде жалпы фактіні, өмірбаян, шығармашылық деректі, азды-көпті теориялық-ғылыми тұжырымдарды тиянақ, негіз ету аз.

Бірнеше жылдардан бергі жоғары мектепте XIX ғасыр әдебиетінен дәріс оқығанда, осы ыңғайдағы зерттеулерді тереңдете

түсудің қажеттілігі әбден байқалды. Қазақ әдебиеттануының жетістіктерін игере отырып ілгерілеу ғылыми талабы.

Құлмат Өмірәлиев өзінің "Қазақ поэзиясының жанры және стилі" монографиясында XIX ғасырдың орта тұсындағы (ғалым өзі XIX ғасырдың бірінші жартысындағы деп бөлген — Қ.М.) әдебиетті жанрлық жақтан қарастырып, сол әдебиетті туғызушылар құрамын, олардың даралық сипатын айырып, ажыратып топтайды.

«Сөйтіп, XIX ғасырдың орта тұсындағы қазақ поэзиясы әрі оның шығарушылары жайлы мынаны айтуға болар еді, біріншіден, би-ақындар болды, олар байырғы дәстүрмен, үлгімен, тақпақ сөздер шығарды; екінші сарай ақындары болды, олар мақтау жырлау жаратты, үшінші айтыс ақындары болды, олар мақтау өлеңдер мен айтыс өлеңдерді шығарды; төртінші шығыс әдебиетіндегі ғашықтар жайлы сюжеттерді (әрі қиссаларды) қайта жаңғыртып жазатын кәсіпқой ақындар болды, олар жыр, өлең үлгісіндегі ғашықтық дастандарды туғызды; бесінші дін ислам өкілдері жайлы шығармалардан, өлең үлгісінде қисса жазатын молда ақындар болды; алтыншы әрі айтысқа түсетін, әрі ауызша да, жазба түрде де толғау жыр шығаратын ақындардың жаңа тобы көрінді.

Дулат – соңғы алтыншы топқа жататын, бірақ олардан көп бөлектігі бар ақын», – деген түйін-тұжырымда (аталған еңбек, 81 бет) XIX ғасырдағы Абайға шейінгі әдебиеттің жанрлық түрі, шығарушы өнерпаздар құрамы айқындылық сараланған.

Атап айтар бір жай:

Ғалым XIX ғасыр әдебиеті жайлы өзіне шейінгі шашырап жүрген пікірлерді де назарда ұстай отырып, XIX ғасыр әдебиетін тұтас жүйеде қарастырудың өзіндік үлгісін ұсынған.

XIX ғасырдың әдебиетін өлең үлгісіне қарай жүйелеу үрдісі әріде Шоқан, Радловтардан бастау алып, XIX ғасырдың барысында А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Әлібек Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, З.Ахметов, Х.Сүйіншәлиев, Ө.Қоңыратбаев, М.Базарбаев, Қ.Өмірәлиев, т.б. ғалымдар еңбегінде орнығып, бекіп отырды.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» қазақ әдебиетінің теориялық негіздемесін жасап, терминдік өрісін белгіледі. Сол әдебиеттің XIX ғасырдағы үлгілері де, айрықша бөлініп, XIX ғасыр еншісі деп қарастырылмағанымен (олай бөлудің Байтұрсынов зерттеуінде қажеті де жоқ еді – Қ.М.), аса нақтылы ғылыми негіздеулердің фактісі, материалы болды.

Х.Досмұхамедұлы қазақ халық әдебиетінің жанрлық классификациясын жасады. Ол классификацияның да негізгі материалы — XIX ғасыр әдебиеті екендігі анық.

М.Әуезов «Әдебиет тарихында» қазақ әдебиеті тарихын жасаудың қисындарын алғаш рет максатты түрде алға тартып, ғылыми жүйенің үлгі негізін ұсынды. «Әдебиет тарихындағы», «Тарихи жырлар», «Зар заман әдебиеті», «Айтыстардың» елеулі арнасы – XIX ғасыр әдебиетінің екінші. Сонымен бірге, XIX ғасырда ауызша әдебиеттің байырғы үлгілері де қатар жасап отырғанын ескергенде, «Әдебиет тарихының» барлық бөлімінің XIX ғасыр әдебиетіне қатысы бар.

Сәкен Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Қазақ әдебиеті» оқулық-хрестоматияларында да XIX ғасырдағы әдебиет үлгілері молынан қамтылған.

1992 жылғы «Қазақтың ХҮІІІ, ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері» көмекші оқу құралында Сәбит Мұқанов ХІХ ғасырдағы әдебиетті әдебиет үлгілеріне қарай кеңінен қамтып қарастырды.

Қажым Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (I том, 1958), «Қазақ әдебиет тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (II том, 1960) монографиясында ХІХ ғасыр әдебиеті жан-жақты қарастырылды.

Зәки Ахметовтың «Казахское стихосложение», «Өлең сөздің теориясы» еңбектерінде қазақ өлеңі туу, жасау заңдылықтары, негізгі жанр, үлгілері жөнінен айрықша негіздемемен ашылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ХІХ ғасырдың әдебиетін арнайы қарастыру үрдісі тоқталмай, үздіксіз жетіліп, дамып келе жатқан үлкен бір ғылыми арна. Оның айтулы саласы бүгінде – абайтану ілімі. Сол сияқты махамбеттану ілімі қалыптасып дамып отыр. Абайтану өрісі де ауқымды. Зар заман өлеңнің зерттелуі де өзіндік жүйесі, алымы айқын арна. ХІХ ғасырдағы қазақ өлеңін түр, жанр, стильдік, тілдік, құрылым, өлең заңдылықтары жөнінен зерттелуі де ілгері ғылым.

ХІХ ғасыр әдебиетінің тарихы негізінен жоғары мектептің оқулықтарында: Қажым Жұмалиевтің «ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті», Ханғали Сүйіншәлиевтің «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті», Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», – жүйеленген.

Филология факультеті бакалаврлық оқу сатысының II курсында оқытылатын «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» пәнінің мақсаты жоғары мектеп оқушысына әдебиет тарихы жайлы, соның ішінде ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті жайлы зерттеулер түйіндерін

жүйелен жеткізу. Сол арқылы көптеген зерттеу проблемалардың көкжиегін көтеруге тарту. Әдеби мұраның бағалану, зерттелу, зерделену тарихнамасы студенттің ғылыми танымын қалыптастырып, дамытудағы ұтымды жолдың бірі.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті жөнінде 1942 жылғы «Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» еңбегінде Сәбит Мұқанов былай дейді:

«ХІХ ғасыр әдебиетінің дәуірлері одан бұрынғы ғасырлардың әдебиет дәуірлеріндей көмескі емес, айқын, ашық. Мәселен, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында ұлт бостандығын жырлайтын әдебиет жасалады.

ХІХ ғасырдың 50-70 жылдарынан бастап просветительдік (мәдениетке үндеуші) әдебиет туды. ХІХ ғасырдан бұрынғы ғасырдың ешқайсысының әдебиетін біз нақ ХІХ ғасыр әдебиетіндегі кезеңді дәуірлерге жүйелей алмаймыз». (1. Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер.– Алматы, 2002. –5-бет).

1927 жылы «Әдебиет тарихы» оқулығындағы зар заман ақындарына байланысты зерттеуінде Мұхтар Әуезов ХІХ ғасыр әдебиетін әлеуметшілдік, ісшілдік, дін мен мәдениет иісі шыға бастаған кезеңдер аясында қарастырған. Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде ХІХ ғасыр әдебиетінің өзіндік сипаттарын, негізгі даму бағыттарын, көркемдік ағымдарды қарастыру әр уақытта да назарда болды.

ХІХ ғасырдан кейінгіге жеткен әдеби мұра сан жанрлы, даму бағыттарының тарихи-әлеуметтік фоны күрделі, қайшылыққа толы аса бай мұра.

ХІХ ғасыр әдебиеті осы жөннен қазақ әдебиеттану ғылымында ілгергі Шоқан Уәлиханов зерделеулерінен күні – бүгінге шейін тарихи, теориялық тұрғыда жан-жақты зерттеліп, қарастырылып келеді.

ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқытуда қазақ әдебиеттану ғылымының жеке тұлғалар шығармашылығын зерттеудегі, жалпы әдеби үрдісті ғылыми жүйеге түсірудегі зерттеу нәтижелері негізге алына отырылып, белгілі бір дәрежеде әдеби мұраны көркемдік жөннен тану бағытындағы ізденістер көкжиегін кеңіте түсер көкейкесті мәселелерге көңіл бөлу көзделеді.

Махамбет Өтемісұлы, Ыбырай Алтынсарыұлы, Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қазақ әдебиеті тарихындағы бағалану, танылу, басылым жөндері, қазақ әдебиеттану ғылымының ауқымды зерттеу арналарына айналып

отырған махамбеттану, ыбырайтану, абайтану ілімінің тарихы, көкейкесті проблемалары қарастырылады.

### **1. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы курсының мақсаты.**

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихын оқытудың мақсаты негізгі, қазақ әдебиеті пәнін жоғары мектепке оқытудың маман әдебиетші дайындау, студентке қазақ әдебиеттану ғылымын жүйелі түрде меңгерту, игеру міндетінен туындайды.

Сол орайда әдебиет тарихының XIX ғасырын қамтитын бұл курстың мақсаты XIX ғасырдағы әдеби мұраны қазақ әдебиетінің бай тарихын әдебиет теориясы, әдеби сын аясында ала отырып, сол мұрамен сабақтастықта қарастырып, ғылыми негіздер жөнінен жүйелеп танысу; бұрын-соңды жасалған, тиянақталған зерттеу проблемаларын меңгере отырып, әдебиет тарихы мәселелерін әрі қарай қарастыру, ғылыми негіздерді тарату, ашу, айғақтау, бекіту.

XIX ғасырда жаңа сапаға көтеріліп, түрлі жанрда жасаған бай әдеби мұраны көркемдік арналар, жаңа мән, сипаттарға ойысудың беталыс, бағдарлары, көркем ойдың даму заңдылықтары тұрғысынан ғылыми негіздеуді жетілдіру, жандандыру.

### **2. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы курсының міндеті.**

XIX ғасыр әдебиетін қоғамдық-әлеуметтік болмыс, тарихи жағдай аясында қарастыра отырып, оның негізгі даму бағыттарын, көркемдік табиғатын нақтылы түр, жанрлық сипат жөнінен танытуға бағыттау.

XIX ғасыр әдебиетін Зар заман ағымы; Қоқан хандығы билеген өңірде туған әдебиет; Айтыс өнері; Сал-серілер поэзиясы; Қисса-дастандар; Европалық үлгідегі жаңа жазба әдебиет түрінен қарастырып, өзіндік ерекшелігін көрсету.

Түрлі жанрда, қилы мақсатта туып жасаған XIX ғасырдың бай әдебиетінің ара ірі, айтулы өкілдерінің шығармашылық мұрасымен нақтылы танысып, дара сипаттарын саралауды негіздеу.

XIX ғасыр әдебиеті – ұлтымыздың рухани асылының алтын кесегі. Сол әдебиеттің көркемдік болмысын ғылыми негіздеуді ілгері дамыту мәселелерін оқу процесінде игеру.

### **3. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы пәнін оқып үйренудегі қажетті пәндер:**

1. Қазақ халқының ауыз әдебиеті – фольклор курсы.
2. Әдебиет теориясы.
3. Әдебиеттануға кіріспе.
4. Ежелгі дәуір әдебиеті.
5. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.

## 2. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті пәнінің жұмыс жоспарындағы сабақ тақырыптары және қысқаша мазмұны.

Оқылу мерзімі – 15 апта

Бөлінген сағат саны – 15 сағат

1 апта

### 1. Бірінші лекция

а) **Сабақтың тақырыбы:** XIX ғасырдағы қазақ тарихы және әдебиет

ә) **Сабақтың мазмұны.**

XIX ғасырдағы тарихи жағдай. Саяси-әлеуметтік, экономикалық реформалар. Ресейдің отаршылдық саясатындағы батыл бетбұрыстар.

1822 жылғы әкімшілік билеу жүйесіне енгізілген өзгеріс. Хандық биліктің жойылуы. Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің туу себептері, тарихи сабақтары. (1836-1838) Ішкі Бөкей ордасы (1801). Хан Жәңгір және тарихи шындық. Көтеріліс тарихы және оның ел әдебиетіне ықпалы. Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Алмажан Азаматқызының поэзиясындағы ұлт-азаттық сарын.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1836-1847). Көтеріліс тарихы. Кенесары Қасымұлының күрескерлік тұлғасы. Кенесары-Наурызбай және көтеріліс батырлары жайлы жоқтау жырлар, тарихи дастандар. Қоқан, Хиуа хандығы езгісіне қарсы бас көтерулер, Жанқожа батыр көтерілісі (1856-1857). Бекет батырдың жер аударылып, айдалу тағдыры. Қазақ жерінің «Соғыс отарынан жер отарына» (М.Әуезов, С.Мұқанов) айналуы. 1867-68 жылғы «Жана низам» жер реформасы. Қазақстанның Ресей қарамағына тұтастай өтуі. Қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» сарынының күшеюі. Қазақстанның рухани-мәдени тіршілігіндегі жағдайлар. Қазақ даласын, қазақтың тұрмыс-тіршілік, мінез-құлқын патша үкіметі тарапынан мақсатты түрде зерттеулерге кірісу. Миссионерлік саясат. Жалпы ағарту ісінің, орыс оқуының жандануы. Қазақ халқының әдебиеті, тілі, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, дәстүр-салттары Батыс Еуропа, орыс ғалымдары тарапынан зерттеле бастағаны. Қазақ тілінде баспасөздің пайда болуы, кітап басып шығару. XIX ғасырдың соңына қарай шыққан қазақ тіліндегі баспасөз «Түркістан уәлаятының газетасы», «Дала уәлаятының газетасы» бетінде



әдебиет материалдары, оларға қатысты алғашқы пікір, сыни ойлардың жариялануы.

XIX ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайдың әдебиетке әсері. Ел өмірінің шындығы түскен әдеби шығармалардың тууы. XIX ғасыр әдебиетінің даму барысындағы күрделі өзгерістер, жаңа беталыс, бағыттар. Көркемдік ерекшеліктер. Әдебиеттің мазмұн, түр жағынан сан сапада, сан жанрда көрінуі. Ауызша және жазба әдебиет үлгілерінің қатар дамуы. XIX ғасыр әдебиетінің саяси-әлеуметтік, көркемдік негіздері. XIX ғасыр әдебиетіндегі негізгі сарындар, саяси бағыттар мен әдеби-көркемдік ағымдар. XIX ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиеті. Жазба әдеби тілдің дамуы.

– 1 сағат

2 апта

## 2. Екінші лекция

**а) Сабақтың тақырыбы:** XIX ғасыр әдебиетінің қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелуі. XIX ғасыр әдебиетінің теориялық тарихы.

### **ә) Сабақтың мазмұны.**

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында бұл дәуір әдебиеттің жанрлық, көркемдік негіздер жөнімен зерттелуі, бағаланып, ғылыми жүйеге түсуі.

XIX ғасырдағы әдеби мұраны хатқа түсіріп, жүйелеп, тұжырымдаудағы Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Г.Потанин, В.Радлов, Ильминский, Ю.Лютш, Э.Диваев, М.Көпеев, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайлов, Қ.Жұмашев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, Ш.Сәтбаева, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, Ә.Дербісәлин, М.Мырзахметов, С.Садырбаев, М.Мағауин, Қ.Сыдықов, Ө.Күмісбаев, М.Жолдасбеков, А.Қараубаева, М.Жармұхамедұлы, Ж.Тілепов, С.Негимов, С.Дәуітов, т.б. ғалымдар еңбектері.

Ш.Уалиханов, В.Радлов, Т.Потанин, т.б. шығыстанушы зерттеушілер қазақ әдебиеті туралы. Шоқан Уалихановтың қазақ өлеңін тұңғыш рет ғылыми негізде түрге бөлуі.

М.Әуезов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Бөкейханов, т.б. қазақ әдебиеті тарихын жасауды қолға алуы. Әдебиеттің түрі мен тегіне байланысты жанрлық классификация жасауы. Қазақ әдебиеті тарихының, қазақ әдебиеті теориясының алғашқы оқулықтары. Олардың ғылыми жүйесі.

XIX ғасыр әдебиетінің XIX ғасырдың I жартысындағы, II жартысындағы әдебиет болып бөлінуі, түрлі ағым-бағыттардың,

әдеби әдіс-тәсілдің белгілі бір кезеңдердегі айқындалу жөндері. Әдеби мұраны бағалау жайлы 1957 жылғы партия қаулысы. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесіндегі 2 концепция.

XIX ғасыр әдебиетін түрлі атаулармен айғақтауда бұл әдебиеттің әдеби үлгісі, көркемдік негіздерінен гөрі мазмұндық, саяси мән жағынан берілген жалпы бағаның басым болғандығы. Керітартпа романтикалық, сыншыл реалистік, т.б. атаулар әдебиет ерекшелігіне қатысты болғанымен, көркемдік-теориялық негіздерден гөрі сырт саясатқа орай айғақталғандығы.

60-жылдар, кейінгі кезең әдебиеттану ғылымындағы күрделі зерттеулер. Жаңа тенденциялар. Әдеби мұраның басылым ісінің жандануы. Әдебиет мәселелерінің кең ауқымды: жанрлық, стильдік, тарихилық, т.б. жолмен соны зерттеулермен толығуы. Арнайы монографиялық еңбектер. Әдебиеттанудағы актандақтарды толықтыру жолдары. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін зерттеуді ілгері дамытудың өзекті мәселелері.

XIX ғасырдағы әдебиеттің дәстүрлі әдеби үлгілермен сабақтастық, ерекшелік жөннен зерттелу мәселелері.

Ауызша әдебиет пен жазба әдебиет үлгілерін айқындай, саралай түсу мәселелері. Жазба әдеби тілдің табиғатына бойлай түсу, жанрлық даму, т.б. мәселелер.

3 апта

### **3. Үшінші лекция**

**а) Сабақтың тақырыбы:** XIX ғасырдағы әдебиет үлгілері. XIX ғасыр әдебиетіндегі негізгі бағыттар мен агымдар.

#### **ә) Сабақтың мазмұны.**

XIX ғасырдағы әдебиеттің өзіне шейінгі жасап келген әдеби дәстүрлермен сабақтастығы. XIX ғасырдағы жаңа әдебиет үлгілері. Жаңа жазба әдебиет үлгілерінің мұсылманша оқыған сауатты ақындардың діни, ғибраттық өлеңдері арқылы көрінуі. XIX ғасырдағы нәзира дәстүрі. Әдебиеттегі діни-ағартушылық агым. Әдебиеттегі жанару, өзгеріс, даму тенденциялары. Қазақ өлеңінің жаңа түрлері. Дулат женген өлеңдегі өзгерістің Абаймен жалғасуы.

XIX ғасырда қазақ әдебиетінде жыр үлгісінің түрлі дәстүрлі жанрымен бірге жаңа өлең түрлері туып дамыды. Уақиғалы дастан-поэмалар, түрлі сырлы лирикалық өлеңдер, сатира, айтыс түрлері, қиссалар, нәзира әдебиет, ауыз әдебиеті үлгілері қатар жасады. Көркем прозаның үлгілері (Ыбырай еңгімелері), сыни мақалалар, түрлі баспасөз жанрлары, аударма әдебиет, тарихи шығармалар

калыптасты. XIX ғасыр әдебиетіндегі түрлі әдеби үлгі тарихи, саяси негізде туып, дамыды.

Қазақ қоғамындағы түрлі саяси күйдің әдебиетке жаңа сарындар, әлеуметшілдік, азаматтық бағыт әкелуі.

XIX ғасырдағы орыс отаршылдығымен байланысты күшейген сарын, айқын ағым, белгілі бағыт. XIX ғасыр әдебиеті «су түбіне кеттің жұрт, тал қалған жоқ қармарға» деген торығу, шерден туған зар заман әдебиеті.

XIX ғасырдағы әдебиет бостандық күрес Исатай мен Махамбеттің, Кенесары мен Наурызбайдың, Жанқожа мен Бекеттің отаршылдыққа қарсы қару көтеру, ұлт азаттық күрес үстінде туды. Ол әдебиет – Қокан хандығы езгісінде болған өмірлердің өзгеше өз шыңдығынан туған Майлықожа, Мәделі, Құлыншак ақындардың шығармашылығы.

XIX ғасыр әдебиеті сонымен бірге ендігі күн не болмақты ойлаған, жауыңның тілін біл, қорғенін көр, жасағанын жаса деген тірлікке шақырған жаңа сілкіністен туды. Дінінді, тіліңді билеп-төстемек, содан сақтан деген қауіпсіздендіруден туды. XIX ғасыр әдебиеті белгілі бағыт ұстанған ұлт әдебиетіне, жазба әдебиетке айналды.

4 апта

#### **4. Төртінші лекция**

**а) Сабақтың тақырыбы:** XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері.

**ә) Сабақтың мазмұны.**

XIX ғасырдағы айтыстың дәстүрлі суырыпсалма ақындық айтыспен бірге жазба түрі де өрістеді. Айтыстың әлеуметтік сипаты. Жанрлық ерекшеліктері. Айтыстың түрлері. Шөже, Кемпірбай, Орынбай, Сүйінбай, Бактыбай, Түбек, Нұрым, Қашаған, т.б. ақындар айтыстарының әлеуметтік мәні көркемдік қырлары. XIX ғасырдағы әйгілі айтыс ақындарының өзіндік мәнер-машығы, айтыстағы әдіс-тәсілі. Жазба айтыс дәстүрінің дамуы. XIX ғасыр айтыстарының жиналып, зерттелу жолы. М.Әуезов, А.Байтұрсынов, С.Мұқанов, Е.Ысмайлов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жармұхамедұлы, т.б. ғалымдардың айтысты теориялық жолмен зерттеуі. Айтыс өлең XIX ғасыр әдебиетінің елеулі нұсқасы.

Ежелгі ауыз әдебиетінің енішісі болып келген айтыс өлең XIX ғасырда дара ақындар айтысы түрінде көрінді.

Айтысты, соның ішінде XIX ғасырдағы ақындар айтысын фольклор, ауызша әдебиет аясында ғана қарастыру жеткіліксіз. XIX

ғасыр әдебиеті бастан кешкен сан түрлі сапалық түр, жаңарып өзгеру, түрленулердің айтыс жанрына да ықпалы тиді.

Айтыстың дәстүрлі сипатына қарай, мазмұн, мәніне, орындалу орны, мақсатына қарай түрге бөлінуінде айтыс табиғатын зерттеушілердің бәрі бір ауызды емес. Бүгінде айтыс жайлы ойтолғауларды жүйелеп, айтыс табиғатын таныта білер зерттеулерді ілгерілетуге алғышарт жеткілікті.

XIX ғасырдағы әйгілі айтыс ақындары.

Шөже Қаржаубайұлы (1834-1895). Өмірі. Айтыстарының әлеуметтік мәні. Орынбай, Кемпірбай, Балта, Шортанбай ақындармен айтысы. Арнау өлеңдері. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын жырлауы. Ақын жөнінде Ш.Уәлихановтың айтқаны.

Кемпірбай ақын (1834-1895). Өлердегі айтқан сөзі. Өлеңді бағалауы. Айтыстары.

Орынбай ақын (1813-1895). Өмірі. Серәлі, Тоғжан, Шөже, Шортанбай ақындармен айтысы. Арнау өлеңдері. Олжабай батыр туралы жыры. Шоқан Уәлихановқа қазақ поэзиясы үлгілерін таныстыруы.

Сүйінбай Аронұлы (1822-1895). Шығармашылық мұрасы. Ақын өлеңдерінің әлеуметтік астары. Тіл кестесі. Айтыстары.

Бақтыбай, Түбек ақындар. Өмірі. Айтыстары.

Нұрым Жаршағұлұлы (1825-1896). Жоқтау, естірту, тойбастар, қоштасу, салт өлеңдері мен айтыстары. Өзі туралы термелері. «Тайсойған», Бүйрек» толғауларындағы әлеуметтік астар.

Қашаған Күржұманұлы (1840-1924). Өлең-толғау, арнаулары. Айтыстары. Қашаған шығармаларындағы замана калпы.

Марабай (1841-1898). «Ер Тарғын» жырының Марабай нұсқасы. «Қобыланды» жырының Марабай нұсқасы. Марабайға Абайдың берген бағасы. Оның шығыстанушы ғалымдар назарына ілігуі.

Қалнияз, Серәлі, Қожабай, Сақау, Ұлбике, Күдері, Сарыбай, Ақсұлу, т.б. ақындардың айтыстарына шолу.

XIX ғасырдағы айтыс ақындарының шығармашылық мұра, өмірбаян деректерінің жиналу, басылым жайы.

5 апта

## 5. Бесінші лекция

а) **Сабактың тақырыбы:** XIX ғасырдағы сал-серілер. Ән өлең. Өнерпаздық, сыршылдық ағым.

ә) **Сабактың мазмұны.**

XIX ғасырдағы сал-серілік өнер. Әнші-лирик ақындар поэзиясы. Олардың шығармашылық мұрасын, өмірбаян деректерін жинақтау,

зерттеу. Сал-серілер мұрасы – ән өлеңдердің таралым, танылым жайы. Біржан сал, Сегіз сері, Ақан сері, Жаяу Мұса, Әсет, Мұхит, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Майра, Мәди, Иманжүсіп, т.б. әнші ақындар өнерінің қазақтың рухани-өмір, көркемдік таным-талғамындағы өз орны. Сал-серілер өнерінің өзіндік ерекшеліктері. Әрі ақындық, әрі сазгерлік, әрі орындаушылық өнер. Сал-сері, әнші-ақындардың ХІХ ғасыр әдебиет тарихындағы орны.

ХІХ ғасырдағы сал-серілік, әншілік дәстүр, әншілік жайлы академик Ахмет Жұбановтың ғылыми-теориялық тұжырымдары. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса қорнекті оқидерінің шығармашылық мұрасы Е.Ысмайлов зерттеулерінде. Ш.Керімовтың сал-серілер жайлы арнайы зерттеуі. М.Мағауин сал-серілік өнер туралы. І.Жақановтың сал-серілер шығармашылық мұрасын айқындаудағы еңбегі.

Біржан сал (1831-1897). Біржан әндерінің туу тарихы. Сарамен айтысы төңірегіндегі кысындар.

Сара Тастанбекқызы (1878-1916). Арнау өлеңдері мен көңіл-күй, сезім жырлары. Сараның толғау өлеңдері. Әдеби мұрасының зерттелуі, басылым жайы.

Ақан сері (1843-1913). «Сырымбет», «Қара торғай», «Үш тоты», т.б. ән-өлеңдері. Ақанның сезім жырларының көркемдік мәні. Өлеңдеріндегі әлеуметтік үн.

Жаяу Мұса (1855-1929). Жаяу Мұса әндерінің А.Жұбанов тарапынан өзгешелік жөннен бағаланып, айқындалуы. Жаяудың әндеріндегі қоғам мен адам арақатынасының алуы ақиқатының үні.

Әсет, Мұхит, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Майра, Мәди, Иманжүсіп әндері. Өмірбаян деректері. Сал-серілер, әнші ақындардың ХІХ ғасыр әдебиет тарихындағы орны.

6 апта

## 6. Алтыншы лекция.

а) **Сабақтың тақырыбы:** Махамбет Өтемісұлы және дәстүрлі жырғаулық поэзия.

### ә) **Сабақтың мазмұны.**

Махамбет Өтемісұлы (1804-1846). Махамбет Өтемісұлының өмірі. Шығармашылық мұрасының жиналуы, басылым жайы. Зерттелуі. Махамбет ұлт-азаттық күрес жыршысы. Бостандық күрес батыры. Махамбеттің көтеріліс алдындағы, көтеріліс барысындағы, көтеріліс жеңілгеннен кейінгі өлең-толғаулары. «Ұлы арман», «Ереуіл атқа ер салмай», «Толарсақтан саз кешіп», «Еңселігім екі

елі», «Жәңгірге айтқаны», «Мұнар күн», «Мен едім», «Қызғыш құс», т.б. Махамбет өлеңдеріндегі азаматтық үн, ерлік рух. «Тарланым», «Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағам бар», т.б. өлеңдеріндегі Исатай батырдың тарихи тұлғасы. Махамбет өлеңдерінің көркемдік сипаты. Сөз қолданыс қырлары, тіл кестесі. Махамбет поэзиясының жанрлық сипаты. Махамбет поэзиясының дәстүрлі жыраулық өлең үлгісімен сабақтастығы. Ақын толғауларындағы жаугершілік заман күйі. Жауынгер мұраты түскен жыраулар поэзиясымен мазмұндық түр, өлең үлгісі, сөз қолданыс жөнінен туыстығы. Махамбет поэзиясындағы дәстүрлі қолданыстар. Махамбеттің «Мені». Махамбеттің жаңа үлгідегі сыр-толғаулары, сөз айшықтары. Махамбеттің өлең құрылысы. Махамбет және Хан Жәңгір.

Махамбет поэзиясының казак әдебиеттану ғылымында зерттелуі. Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә. Қоңыратбаев, т.б. ғалымдардың Махамбет поэзиясын бағалауы. Академик Қажым Жұмалиевтің Махамбет шығармашылығын зерттеуі. Махамбеттану ілімін өрістетуі. Махамбет шығармаларын жиыстыруы, туу тарихын айқындауы. Махамбет өлеңінің теориялық негіздемесін жасаудағы академик З.Ахметов зерттеулері. Махамбет поэзиясының тілін зерттеудегі Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев еңбектері. Махамбеттанудың ендігі өрісі. Зерттеу мәселелері. Махамбет поэзиясының казак әдебиеті тарихындағы өлшеусіз орны.

7 апта

## **7. Жетінші лекция.**

**а) Сабақтың тақырыбы:** XIX ғасырдағы бостандық күрес жырлары. Тарихи өлең.

### **ә) Сабақтың мазмұны.**

XIX ғасыр әдебиетіндегі ерекше үлгінің бірі тарихи өлең, тарихи жыр. Бұл жырлардың тууы, сол тұстағы қазақтың ел тарихы, отаршылдық сипатпен байланысты бодды. Халық арасына XIX ғасырдың орта тұсында «сіресе жандана түсіп өрістеген, XIX ғасырдың екінші жартысында аяусыз басып, жаншылған ұлт-азаттық күрес батырлары жайлы жырлар көтеріліс сипатын көрсеткен, барысын жырлаған, жеңілістің ащы уы тараған, ел батырлары деген сағыныш, мұң жайлаған, жоқтау, зар айтқан өлең түрінде аса кең тарады.

XIX ғасыр әдебиетіндегі ұлт-азаттық күрес батырлары туралы жырлар. Кенесары-Наурызбай жыты. Нысанбай ақынның бұл жыры туралы Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов

пікірлері. Кенесары-Наурызбай жырының көркемдік сипаты. Кенесары, Наурызбай жайлы басқа да тарихи өлеңдер. Досқожа, Күдері ақын шығармалары. Қазақ әдебиетіндегі «Топжарған», «Күйші», «Жасауылқырған», «Наурызбай-Қаншайым», т.б. шығармалардағы Кенесары заманының шындығы. Шортанбайдың «Ақжолтай Ағыбай батыр» жыры. Кенесарыға арнаған елеңі. «Жанқожа» батыр жыры.

Мұсабай жырларындағы тарихи шындық және көркемдік шешім. Тарихи жырдың жанрлық сипаты. Тарихи жырлардың тарихи өлең, тарихи эпоспен туысатын тұсы, өзіндік ерекшелігі. Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет, Бекет батыр, т.б. тарихи жырлардың әдебиет тарихындағы орны, ғылыми бағалануы, зерттелуі, басылым көруі.

Қазақтың өмір тарихының айқын ізін ең әуелі оның сөз мұрасынан табамыз. Ел басынан өткен қилы кезеңдердің сан-сала қисындарын сақтап жеткізген тарау-тарау ауыз дастандардың орны бөлек.

8 апта

## 8. Сегізінші лекция.

а) **Сябақтың тақырыбы:** XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан хандығы езгісіне қарсылық сарын.

### ә) **Сябақтың мазмұны.**

Қоқан хандығы билеген өңірлердің: Қазақстанның оңтүстік өлкесі, Сыр бойы, Жетісу аймағындағы әдебиеттегі алеуметтік қайшылықтарға көзқарас, баға, қоғамдағы әділетсіздіктерге наразылық, сын. Қоқан хандығына қараған өңірлердегі айтулы ақындар Мәделі Жүсіпқожаұлы (1816-1888), Құлыншақ Кәмелұлы (1831-1892), Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1889), Базар Оңдасұлының (1839-1911), Бұдабай Қабылұлының (1842-1912) шығармашылық мұрасы. Өмірбаяны. Шығармаларының жиналуы, басылым, зерттелу жайы. Мәделі ақынның мысал сөздері. Майлықожа, Құлыншақ ақындармен үндестік, туыстығы. Құлыншақтың батырлық, ерлік дәстүрді көтере жырлап, дәріптеген өлеңдері. Жазба айтыс үлгісін қалыптастырып, дамытуы. Майлықожаның мысал өлеңдері. Шығыс әдебиеті үлгілерінен аудармалары,, сол негізде туған нәзира шығармалары. Базар жыраудың адамгершілік, дүние жаратылыс жайлы үгіт насихат жырларының, «Айна-тарақ», «Әмина қыз», «Мақпал-Сегіз» дастандарының, терме өлеңдерінің әдебиет тарихындағы орны. Бұдабай Қабылұлының жоқтау, көңіл айту жырларының жазба

әдебиет жанларына қатынасы. Қоқан билеген өңірлердегі әдебиеттің жанлық-стильдік ерекшеліктері. Қазақ әдебиетінің жанлық, көркемдік үлгілер жөнінен дамуындағы ықпалы. Мәделі, Майлықожа, Құлыншак, Базар, Бұдабай шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихындағы орны. Олардың зерттеліп, ғылыми негізделуі. Қаратау шайырлары туралы арнайы зерттеу еңбектер жазған Ә.Қоңыратбаев, Ә.Оспанұлы, т.б. ғалымдардың әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі. Қоқан хандығы билеген өңірлер әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің шығармашылығын көркемдік сипаттар, жанлық жөннен зерттеуді дамытудың өзекті, көкейкесті мәселелері. Олардың өмірбаян деректерін толықтыру. Жоғары мектеп оқулықтарындағы олар жайлы монографиялық зерттеулердің аясын кеңейту.

9 апта

#### **9. Тоғызыншы лекция.**

**а) Сабақтың тақырыбы:** Зар заман поэзиясы.

**ә) Сабақтың мазмұны.**

Қазақ әдебиеті тарихындағы зар заман ағымы. Зар заман поэзиясындағы негізгі сарын. Зар заман әдебиетінің айтулы өкілдері.

Зар заман – қазақ әдебиетінің тарихындағы елеулі ағым. Зар заман – қазақ әдебиетінің ауызпадан жазбапаға ойысқан өтпелі кезеңнің әдебиеті. М.Әуезовтің қазақ әдебиеттану ғылымында зар заман ағымының ғылыми негіздемесін жасаудағы орны. Зар заманды жүз жылдық дәуірдің әдебиеті деп атап, оның туын тікелей орыс отаршылдығымен байланыста қарастыруы. Оның зар заманды үш кезеңге: әлеуметшілдік, ісшілдік, дін мен мәдениет иісі шыққан кезеңдерге бөлуі. Зар заман сарынының күшейген тұсы қазақ жерінің отаршыл жер отарына айналған кезеңі (1867 жылдан кейінгі) деп атап көрсетуі. Зар заманның әдеби ағым есебіндегі көркемдік негіздемелерін тұжырымдауы. С.Мұқановтың зар заман әдебиетіне байланысты айтқандары. Зар заман әдебиетінің зерттелу тарихындағы саяси негіздемелер. Оның қилы қалыпта бағалану, танысу тарихы. Зар заман поэзиясының негізгі сарын, көркемдік сипат жөнінен кейінгі кезеңдердегі зерттелу жайы. Зар заман дәуірі әдебиетінің аса

көрнекті өкілдері. Шортанбай, Дулат, Мұрат, Шернияз, Әбубәкір, т.б. шығармашылық мұрасының әдебиет тарихындағы орны. В.Радлов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсыннов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов,



Ә.Қоңыратбаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішұлы зар заман поэзиясы туралы. А.Шәріп, Б.Омарұлы, Қ. Мәдібай, т.б. зар заман ағымының көрнекті тұлғаларының шығармашылық мұрасын қазірге кезеңде зерттеуі.

10 апта

#### 10. Оныншы лекция.

а) **Сабақтың тақырыбы:** Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы.

##### ә) **Сабақтың мазмұны.**

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881). Өмірбаян деректері. Шығармашылық мұрасының басылым, зерттелу жолы. Шортанбайдың «Бала зары» жинағы (1880). Шортанбайдың «Зар заман», «Бала зары», т.б. толғауларындағы замана күйі. Шортанбай өлеңдеріндегі ел мінезі. «Мініп көрер күші жоқ, сауып ішер сүті жоқ» ақша дейтін мал шыққан жаңа заманның әлеуметтік кеселдерінің айқын көрініс табуы. Анасын тыңдамайтын қыз, атасын тыңдамайтын ұл өсіп, жақынын жаттай көріп, бай болсам, болыс болсам деп ақкөзденіп, ар-иманнан безген жұрттың азған қалпын жеткізудегі ақын шеберлігі. Шортанбайдың үлгі-насихат, үлгі-өнеге, тәрбие мәнді толғаулары. Шортанбай толғауларындағы дін жайы. Ақынның тіл кестесі. Өлең құрылымы. Текстологиялық мәселелері.

Шортанбайдың «Зар заман» қолданысы қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби ағымның атауына айналуы.

Шортанбай шығармашылығының М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмасhev, С.Талжанов, Ы.Дүйсенбаев, Б.Сүлейменов, Х.Сүйінішәлиев, т.б. ғалымдар тарапынан бағалануы. Шортанбайдың әдеби мұрасын саяси жөннен бағалаудың себеп-салдары. Шортанбай Қанайұлының шығармашылығын зерттеудің қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелері. Ақын шығармаларының текстологиялық мәселелері. Шортанбай Қанайұлының айтыстары, толғау өлеңдері, арнау өлеңдері қазақ әдебиетінің құнды жәдігерлері.

11 апта

#### 11. Он бірінші лекция.

а) **Сабақтың тақырыбы:** Дулат Бабатайұлының шығармашылық мұрасы.

##### ә) **Сабақтың мазмұны.**

Дулат Бабатайұлы (1802-1874). Өмірбаян деректері. Шығармашылық мұрасының сақталуы, басылым, жариялануы, зерттелу жайы. Дулаттың «Өсиетнама» жинағы» (1880). Дулат

Бабатайұлының «Сүлейменге», «Баракка», «Кенесбайға» арнауларындағы замана күйі ел мінезі. Дулаттың қазақ әдебиетіне жекелесген адам образын әкелуі. Ақынның туған жер, ата қоныс жайын толғаған «Ақжайлау мен Сандықтас», «Атақоныс Арқадай», «Тас ағызып екпіні» өлеңдеріндегі қозғалған адыра қалған ата қоныс, қимас мекеннің өксігі. Дулаттың сөз өнері, өлең, ақындық қуат жайлы шығармалары. «Тегімді менің сұрасан», «Сөзім бар да, көзім жоқ», «Сүлейменге», т.б. өлеңдеріндегі «сорғалаған нөсердей» жыр күйған «сарқылмайтын суат», «жыр сауықты», «жібек сөзден», «жыр кесте» өрнектеген ақындық жаратылыс. Дулаттың «Еспембет» дастанындағы ел тарихы, елдік, ерлік дәстүр. Дулаттың мысал өлеңдері. Дулат Бабатайұлының өлең құрылысы. Тіл кестесі. Дулат Бабатайұлы – Абайға дейінгі қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі. Дулат Бабатайұлы шығармашылығының зерттелуі. Сейіл Мүлкенұлының Дулат өлеңдерінің кейінгіге жетуіндегі орны. Дулат поэзиясын зерттеудегі Х.Сүйіншілиев еңбегі. Дулаттың әдеби мұрасы төңірегіндегі 1999 жылғы әдеби мұраға көзқарас жөнінен өткен ғылыми-теориялық конференциядағы пікірлер қайшылығы. Дулат Бабатайұлы шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихындағы орнының бағалану, айғақталу тарихы. Дулаттанудағы, Дулат поэзиясының ежелгі дәстүрлі әдебиет үлгілерімен сабақтастығы жайлы Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова пікір-тұжырымдары. Дулат Бабатайұлының әдеби мұрасын қазіргі кезеңде зерттеу. Қ.Раев, Э.Пертаева зерттеулері. Дулат шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихындағы орнын айқындай түсу жөндері. Дулаттың өлең үлгісін, оның шығармаларының жанрлық өзгешелігін, құрылым жүйесін қазақ өлеңінің даму даму заңдылықтарымен сабақтастықта зерттеуді дамыту, тереңдету.

12 апта

## 12. Он екінші лекция.

а) **Сабақтың тақырыбы:** Мұрат Мөңкесұлының ақындық мұрасы.

### ә) **Сабақтың мазмұны**

Мұрат Мөңкесұлы (1843-1906). Мұраттың өмірбаяны. Ақынның заманға, отаршылдыққа наразылықтан туған жырлары. Батырлықты, ерлікті көтеруі. Ізгілікке үндеуі. Мұраттың арнау өлеңдері. Айтыстары. Төлғаулары. Эпикалық дастандары. Мұрат – Махамбет және басқа да ақын-жыраулар мұрасын сақтап жеткізуші.

Мұрат шығармаларының казак әдебиеттану ғылымында зерттеліп, көркемдік-теориялық жақтан негізделуі.

Мұрат поэзиясының жанрлық сипаты. Көркемдік қуат, құндылығы. Мұраттың «Үш княн», «Сарыарқа» толғауларындағы елден, жерден айрылу сарыны. Мұраттың отаршылдық зардаптарын алдын-ала болжауы. Мұраттың «Жалпыға айқаны толғауы», «Арғымақ сайлап не керек», «Жігітті көркем көрсеткен», «Айшықты ала ту тіккен», «Жалп-жалп ұшқан жалалақ» өлеңдері. Жантолы қызбен айтысы. Мұраттың айтыс өлеңде ауыларалық, рулық шеңбердегі айтыстан елдің деңгейіне көтерілген айтыс ақыны болып қалыптасу жөні. Мұраттың «Шалгез», «Қазтуған», «Қарасай-Қази» жырларының көркемдік алымы, эпикалық дәстүрмен сабақтастығы.

Мұрат Мөңкеұлының әдеби мұрасының әдебиет тарихындағы орны жайлы зерттеу еңбектер. Мұрат мұрасының кейінгіге жетуіндегі Х.Досмұхамедұлының еңбегі. «Мұрат ақын сөздері» жинағы.

Мұрат Мөңкеұлының зар заман әдебиетіндегі орнын М.Әуезовтің негіздеп, бағалауы. С.Мұқановтың Мұрат мұрасын монографиялық, академиялық негізде зерттеуі. Мұрат ақындығы туралы Қ.Жұмалиев пайымдаулары. Мұрат Мөңкеұлының шығармашылық мұрасының басылым жайы. Кейінгі кезеңдегі зерттелуі. Б.Омарұлының Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығын диссертациялық еңбек көлемінде зерттеуі.

Мұраттанудың қазіргі кезеңдегі мәселелері. Мұраттың «Қарасай-Қази», «Қазтуған» дастандары төңірегіндегі С.Мұқанов, М.Мағауин пікірлеріндегі қозғалған мәселелерге көңіл бөліп, шығармалардың ілгері нұсқалардан қайта жырланғандығы немесе кейіннен шығарылған туындылар екендігі жөнін айғақтау мәнді зерттеулер жүргізу.

13 апта

### 13. Он үшінші лекция.

а) Сабақтың тақырыбы: XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет.

ә) Сабақтың мазмұны.

XIX ғасырдағы оқу-ағарту, кітап басу ісі. Оның ел әдебиетіне ықпалы. Әдеби дамуға тигізген әсері. XIX ғасыр әдебиетінің даму барысындағы көркемдік өзгеріс, бетбұрыс бағыттар. Әдебиеттің

жанару, өзгеріс өрістері. Қазақ өлеңінің жаңа түрлері. Махамбет, Дулат әкелген өлеңдегі өзгешеліктердің Абаймен жалғасуы. Жаңа жанрлардың тууы.

Мысал, сықақ, сатираның жандануы. Поэманың тууы. Лирика табиғатына енген еуропалық үрдіс, үлгі, көркем аударма, көсемсөз. Ән өлеңдегі өзгешеліктер.

XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік жүйе жөнінен қазақ әдебиеттану ғылымында зерттеліп, зерделенуі. Зерттеу мәселелері.

XIX ғасырдағы әдеби жаңа түр, жанрлардың, жаңа жазба әдебиеттің туып қалыптасуының алғышарттары. Тарихи дамудың қазақ қоғамының алдына қойған міндеттері. Орыс үкіметі тарапынан жүргізілген діни ықпал саясатының ел арасында ислам негіздерін кеңірек насихаттауға жасаған ықпалы. Кітаби тілдің өрістеуі. Қазақ оянушылығының басталуы. Тіл тазалығы үшін, қазақ баласының орыстың тілін, білімін үйрену үшін ұмтылуы.

Шокан Уәлихановтың қазақ қоғамының жайын зерделеуі. Әдеби мұраны ғылым нысанына айналдыруы. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі. Қазақ әдебиетіне Еуропа үлгісін енгізуі. Оның «Қазақ хрестоматиясы», «Шариат-ул-ислам» еңбектерінің қазақтың руханият тарихындағы, жаңа жазба әдебиет тілін, жаңа жазба тілді қалыптастырудағы орны. Абайдың әлеумет жайын қозғаған өлең, қара сөздерінің жаңа жазба әдебиет жанрларын, жазба әдеби тілді қалыптастырудағы тарихи орны. Қазақ әдебиетіндегі ұлт оянушылық ағартушылық сарындар.

1 сағат  
14 ағта

#### **14. Он төртінші лекция.**

**а) Сабақтың тақырыбы:** Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі. Әдеби мұрасы. (1841-1889).

#### **ә) Сабақтың мазмұны.**

Ыбырай Алтынсариннің өмірі. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі. Қазақ балаларына арнап бастауыш мектептер, қолөнер мектептерін ашуы. 1864 жылы Ыбырай Торғайда ашқан мектептің тарихи мәні. Ыбырайдың қазақ қыздарына арналған оқу орындарын ашуы. Ыбырай Алтынсариннің оқу ағарту ісіндегі ұйымдастырушылық, басшылық қызметі. Ыбырайдың оқу-әдістемелік еңбектері. Қазақтарға орыс тілін оқытып, үйретудің тәсілдерін жүйелеуі. Тұңғыш қазақ тіліндегі оқулық «Қазақ хрестоматиясын» (1879) шығаруы. «Қазақ

хрестоматиясының» құрылымы. Мазмұны. Бұл еңбектің тарихи мәні.

Ыбырайдың ислам негіздерін ұғындырған «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегінің қазақ руханиятындағы орны.

Ыбырайдың қазақтың тұрмыс-салт ерекшеліктерін сипаттаған этнографиялық жазбалары.

Ыбырай Алтынсариннің халық әдебиет үлгілерін жинап, бастыруы. Қазақ тілінің тазалығы үшін күресте атқарған іс шараларының тарихи мәні. Оның қазақ тілінде газет шығаруды көкसेгені. Ыбырайдың қазақтың жана жазба әдебиетін қалыптастырып, дамытудағы, қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастырудағы тарихи еңбегі.

Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармалары. Өлеңдері мен әңгімелеріндегі тіл тазалығы, нақтылық, айдындық. Ыбырай шығармаларының жанрлық сипаты. Ыбырай Алтынсариннің жанр, түр, стиль жасаудағы әдеби үлгі-үрдістері.

Ыбырай мұрасының зерттеліп, басылым көруі. Ыбырайтанудың қазіргі кездегі көкейкесті мәселелері.

Ыбырай Алтынсариннің әдеби, ғылыми мұрасын зерттеуді ілгері оздырудың ендігі талаптары.

1 сағат

15 апта

## **15. Он бесінші лекция**

### **а) Сябақтың тақырыбы: Абайдың әдеби мұрасы**

#### **ә) Сябақтың мазмұны.**

Абай өлеңдерінің жазылу кезеңдері. Абай өлеңдерін хатқа түсіру. Ә.Бөкейхановтың Абай мұрасына қатысты ұстанымы. Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлының Абай шығармаларын бастыруы. 1909 жылғы Абай жинағының құрылымы. «Абай термесі» (1916) жинағы.

1922 жылғы Қазан, Ташкент басылымдары. 1933, 1945, 1955 жылғы жинақтары, кейінгі басылымдары. Абай шығармаларының 1955 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген толық академиялық басылымы.

Мұхтар Әуезовтің Абай шығармаларын жинап, толтыруы. Абай қарасөздерінің басылымы. Абай шығармаларының текстологиялық мәселелері.

Абай поэзиясының жанрлық кырлары. Өлең құрылысы. Сөз өрнегі.

Абайдың әлеуметтік лирикасы. Абай өлеңіндегі ел мінезі, заман кейпі. Абайдың көңіл-күй, сезім, ғашықтық жырлары. Ән өлеңдері.

Арнау сөздері. Абай поэзиясының сатиралық қыры. Шешендік толғам, афоризмдері. Абайдың орыс әдебиетінен аудармалары. Абай өлеңдеріндегі ұйқас, буын, ыргак. Абай поэзиясындағы ғаруз ұйқасы үлгісіндегі өлеңдер.

Абай қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтардың түріктік, жыраулық поэзиямен байланыс, сабақтастығы.

